

Издаётся с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

7 декабря  
2022 года  
СРЕДА  
№ 97 (1490)



СТР. 4

Будьте в курсе городских событий \*Еще больше новостей\*

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в sarangazeti sarangazeti

## ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА ПРИНЯЛ МИНИСТРА ИНОСТРАННЫХ ДЕЛ ГРЕЧЕСКОЙ РЕСПУБЛИКИ НИКОЛАОСА ДЕНДИАСА



akorda.kz

**Касым-Жомарт Токаев принял министра иностранных дел Греции Николаоса Дендиаса, находящегося в Астане с официальным визитом.**

В ходе встречи были обсуждены перспективы развития казахско-греческого сотрудничества с акцентом на укрепление торгово-экономических связей.

По словам Президента, Греция является одним из важных партнеров нашей страны среди государств Европейского союза. Он также отметил, что Казахстан и Греция активно взаимодействуют на многосторонних площадках.

– Хотел бы еще раз подчеркнуть, что отношения с Грецией являются для нас приоритетными. Мы будем делать все возможное, чтобы вывести показатели взаимного сотрудничества на новый уровень, – отметил Президент Казахстана.

В свою очередь Николаос Дендиас поблагодарил Касым-Жомарта Токаева за возможность обменяться мнениями по вопросам двустороннего и многостороннего сотрудничества.

– Хочу отметить, что мы рассматриваем Казахстан как крупнейшую и приоритетную для нас страну в Центральной Азии, которая является гарантом стабильности в регионе. Греция выражает готовность к дальнейшему взаимовыгодному сотрудничеству с Вашей страной, – сказал министр.

Кроме того, в ходе беседы состоялся обмен мнениями по актуальным вопросам международной и региональной повестки дня.

## ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

Саран қаласының әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша апта сайын жұма күндері сағат 15.00-ден алдын ала жазылу бойынша қабылдайды (жазылу «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ-де 104 каб. немесе 7-40-16 телефоны бойынша сағат 18.00-ге дейін жүргізіледі).

Қабылдау әкімдік ғимаратында онлайн-режимде, ZOOM бағдарламасы арқылы өтеді.

«Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЕЛКА АҚТАС!

Аким города Сарани проводит прием граждан по личным вопросам еженедельно по пятницам с 15.00 часов по предварительной записи (запись осуществляется в ГУ «Аппарат акима города Сарани» каб. 104 или по телефону 7-40-16 до 18.00 часов).

Прием проходит в здании акимата в онлайн-режиме, посредством программы ZOOM.

ГУ «Аппарат акима города Сарани»

■ ҚОҒАМ

## АНТЫҢА АДАЛ БОЛ, АҚ ХАЛАТТЫ!

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

Фото: Камила ОСПАНОВА

**ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ 5 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА ҚАЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАДА ЖАС ДӘРІГЕР МАМАНДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ?**



Орталық аурухана мамандарының айтуынша, биыл аталған мекемеге жалпы тәжіри бойынша 16 дәрігер, 4 медбике, 2 фельдшер және 1 фармацевт келген екен. Жас мамандарды қатарға қабылдау жиыны барысында олар берген анттарына адал болуға серт беріп, аурухана басшылығы тарапынан жас мамандарға стетоскопы бар тонометрлер, автоқаламдар мен блокнот секілді естелік сыйлар табыс етілді.

Жас мамандар ем іздеп келген науқасқа көмек көрсетуге, құпияны сақтауға, еліміздің заңдарын мүлтіксіз орындауға көпшілік алдында сөз берді.

Неміс ойшылы Артур Шопенгауэр «Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты» дейді. Расында, жанын қоярға жер таппай киналғанда өміріне араша болып, саулығы сыр бергенде емдеп-жазып жатса, науқас үшін бір бақыт емес пе? Адам өмірі мамандығы бұрылыстар мен құбылыстардан тұратын ақхалатты абзал жандармен тығыз байланысты. Өмірге Алланың қалауымен келсек, дәрігердің қолымен кіндігіміз кесіліп, анамыз бізді дәрігер көмегімен құшағына алды. Ауру алқымнан алып, дерт дендегенде әр адам дәрігерден үміт күтеді. Тырп етпестен төсек тартып жатқан жандардың жебеушісі де осы ақ халаттылар. Орта ғасырдың ұлы ғұламасы Ибн Сина айтпақшы дәрігерлердің үш қаруы бар. Оның бірі – пышак, екіншісі – шөп, үшіншісі – сөз. Яғни дәрігерлерге артылар жүк те жауапкершілік те ауыр. Алайда олардың ешқайсысы ел басына

күн туғанда жұмысын тастап, қара бастың қамын ойлап, тасаға тығылып қалмайды. Алмағайып заманда да, төтенше жағдайда да, зілзала мен тасқында да дәрігерлер адам жанының арашасы болуға даяр.

Жауапты жұмысқа жаңадан кіріскен дәрігерлерді емхана ұжымы салтанатты түрде қабылдады. Жас мамандарды ардагер дәрігерлер құттықтап, өз ізгі-тілектерін жолдады. Емханадағы дәрігерлер ұжымы көптен бері босап тұрған қызмет орындарының жаңа мамандармен толыққанына қуанышты. Қалалық орталық аурухананы таңдап келген жастар дәрігер, медбике, фельдшер, фармацевт болып бүгін ресми түрде қызметтерін бастады.

«Бүгін ақ мұндир киген жастарды қатарға қабылдап жатырмыз. Жалпы дәрігер деген ең адамгершілігі мол мамандықтың өкілі емес пе. Сондықтан оның бойында мейірімділік, еңбексүйгіштік, адалдық, тәртіптілік, достық, жылдамдық сияқты қасиеттер болуы керек. Жүрегінің қалауымен ауруханамызға келген жас мамандар өз таңдауынан жаңылмай, ұстаздарының лайықты ізбасарлары болады деп сенеміз, баршаға кәсіби қызметінде табыс, болашаққа сенім тілейміз! Өз жұмыстарын бастағалы білікті дәрігер екендерін дәлелдеп үлгерді. Ең бастысы өз мамандықтарына деген сүйіспеншілігінен айырылмасын», - дейді орталық аурухананың басшысы Иван Ермолаев.

## ОНОМАСТИКА



# КӨШЕ ТАРИХЫ - ЕЛ ТАРИХЫ

Д. ЖУПЕНОВА,

«Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімі» ММ тілдер жөніндегі бас маманы

**ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ-ТҮСІНІК, САЛТ-ДӘСТҮР СОЛ ХАЛҚЫҒЫН МӘДЕНИЕТІН ЖАСАЙДЫ, ОЛ ҚОҒАМНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ДАМИДЫ ӘРІ ЖАҢА ТҮРПАТҚА ИЕ БОЛЫП ОТЫРАДЫ. ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ ТОЛЫҒЫП, ХАЛҚЫМЫЗҒА МИРАС БОЛҒАН МОЛ МҰРАМЫЗ ТОЛЫСЫП, ЖЕТІЛІП КЕЛЕДІ.**



Қазақ елі Тәуелсіздігін жариялаған отыз жылдың ішінде көптеген мәселелер шешіліп, қазақы атаулар қалпына келе бастады. «Қазақы төлқұжатын» алғандардың қатарында көше атаулары бар. Бұл сала қазақ тіл білімінде - ономастика саласында қаралады. Халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен ономастикасының негіздері арасындағы байланыс екі проблеманы қарастырады: біріншісі, қоғамның белгілі тарихи даму сатысындағы (сол тарихи кезеңдегі қоғамдық ұжымда) атаулардың әлеуметтік саралануы; екіншісі, қазақы атауларының әлеуметтік даму үдерісін, оның тарихын әлеуметтік құбылыс ретінде қарау.

Егемендік жариялаған алғашқы жылдары көше атауларына қазақы атауын қайтару, жаңа атаулар беру, өзгерту мәселесіне қарсы болғандар да табылды. Дегенмен уақыт ондай келеңсіздіктердің барлығын өз орнына қоя білді. Себебі, көше атауларына мән

беру мен оның ұлттық бет-бейнесін қайтару - бұл мемлекеттік дәрежедегі шешілетін шаруа еді.

Бүгінгі таңда Саран қаласының аумағы бойынша 240 көше бар. Оның 90% пайызы идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар. Қала атауларының қазақы көше атауларын сөз еткенде, бұрынғы атауларды ой елегінен өткізіп, басқа атаулармен салыстыра қарап шығуға тура келеді. Алғашқы кезде көше атауларын дұрыс сияқты көрінгенімен, талдай келгенде сол атаулар орнында қолданылып тұра ма, мақсат еткен ұғымды дәл білдіре ала ма деген сауалдар туындайды. Ұқсас атаулардың бір ұғым төңірегіне сыйып кететіндігі де кездеседі. Бұл мәселеге ден қойып қарауға бірнеше себептер болып отыр. Саран қаласының көше атаулары Кеңес дәуірі кезеңіндегі Арычная, Безымянная, Веселая, Вахтерская, Виноградная, Вишневая, Крайняя, Томатная, Фруктовая қызыл белсенділердің аттарымен аталған

атаулардан, көз сүрініп, тілімізді бұрап сөйлеуге тура келеді.

Олай болса тіл білімінде, оның ішінде ономастика ғылымында көше атауларының грамматикалық, семантикалық және тағы да басқа тілдік деңгейлеріне назар аудару қажет. Себебі көше атаулары тіл мамандарының танымында жаңа атау болып табылады. Қала көшелеріне жаңа атау беру - кезекте тұрған шұғыл шаруалардың бірі. Қазақ елі отыз жыл ішінде өзінің тәуелсіз мемлекет екенін дүниежүзіне дәлелдеді, сондықтан бұрынғы қызыл коммунистік идеология мен қойылған атаулардан арылуымыз қажет. Қала тарихы, оның атаулары қазақ халқының тарихы және салт-дәстүрімен байланысты болады. Бұл ескірген, мән-мағынасы жоқ атаулардан арылып, төл атауларымызды толықтай қалпына келтіру жұмыстарын қолға алуымыз керек.

Біріншіден, көшелерді жаңаша атау кезінде қазақ тіліндегі мағынасы мазмұнды, дыбысталуы көңілге де, құлаққа да жағымды атауларға мән берілгені жөн. Екіншіден, халықтық дәстүрді естен шығармауымыз керек.

Бүгінгі жаңа атау - ертеңгі мұра, халықтың бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабар берер дүниелер. Ономастика саясаты ең алдымен мемлекет тәуелсіздігіне, ел мен жерді ұлықтауға қызмет етуі тиіс. Сонда ғана ата-баба мұрасы жаңғырып, ел мен жердің сәні кіріп, халқымыздың рухы күшейеді.

Ғалымдардың көрсетуінше, қала көшелеріне атау беруде (номинациялауда), қайта атауда (реноминациялауда) ұстанатын бір қағида бар, ол - семиотикалық (таңбалық) тәсіл. Бұл тәсіл арқылы көше, даңғыл, алаңдарға атау беру екі түрлі қағида бойынша жүзеге асырылады: демонстративті және меморативті. Демонстративті атаулардың негізгі ерекшелігі, халқымыздың тарихына, ділі мен дініне, салт-дәстүрімізге сәйкес келмейді. Оның мағыналық құрылымы, тұлғалық құрылысына тән өзіндік нормалары қалыптасып өткен ғасырда көшеге қызыл көсемдер мен революционерлердің атын беру (демонстративті атау беру) норма болып табылды. Қазіргі уақыттағы бұл саясат өзгеріп, Мәңгілік ел, Тәуелсіздік, Бостандық және т.б. атаулар, ең алдымен, Тәуелсіз еліміздің көрінісін, бейнесін сипаттайды және таңбалайды. Көше атаулары арқылы халқымыздың рухани дүниесінің жаңғырып, өткеніміз қайтып, өшкеніміз жанды. Ұлттық бірлік пен бірегейлікті танытатын осындай

ұғымдар өзге тілдерге алмасып, әлем таңбасын бейнелеуде қолданыс тапты.

Ал, меморативті атаулар тоқталатын болсақ, қазақ халқының арыстарының есімін ардақтау мақсатында көше атауларына беріледі. Мысалы, Әбілқайыр хан, Абылай хан, Есет батыр, Ағыбай батыр, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Есет Көтібарұлы, өзіміздің Игілік би, А. Байтұрсынов, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, М. Мәметова, Ә. Молдағұлова М. Мамыраев, Қ. Аманжолов, және т.б. атаулар осының дәлелі бола алады. Дегенмен көшеге жаңа атау бергенде қолданылатын сөздердің мән-мағынасына назар аударып, сақ болған дұрыс деп ойлаймыз. Себебі адам есімдерінің қалыптасуына қатысты мифологиялық дәстүр өміршең болады, дәуірден-дәуірге, ғасырдан-ғасырға ауысып отырады, мифологиялық дүниетаным және оның сарқыншақтары адамзат қоғамы мен өмірінің барлық кезеңдерінде сабақтаса жалғасып, күні бүгінге дейін сақталған.

Осы орайда Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі Ұлы тұлғаларды ұлықтауға, моральдық тұрғыдан ескірген көше атауларына олардың есімдерін беру, ұлы тұлғаларымызды халыққа жете таныстыру мақсатында «Ұлыларды ұлықтау - ұрпақтар ісі» айдарын жүргізеді. Қала тұрғындары бұл айдарда қазақ халқының алып азаматтары, ғұлама ғалым, қажымас қайраткерлерді тағы да жан-жақты тани алады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: «Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау кең-байтақ аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сак дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр» деген болатын.

Олай болса кезінде көнеден келе жатқан дәстүрмен қойылған тарихи атауларымызды қалпына келтіру мәселесіне енді бүгінгі күннің көзімен қарауымыз қажет. Өйткені төл тарихымыз бен мәдениетіміз арқылы қазақ өркениетінің көшін ілгерілетсе алсақ, келесі ұрпаққа жарқын жүзбен қарай аларымыз анық.

## СОЦИУМ

## ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЧЕСТВЕННЫХ УСЛОВИЙ ПРОЖИВАНИЯ ГРАЖДАН

Надежда ЦХАЙ

Фото автора

Состоялось очередное заседание Общественного совета, на котором был рассмотрен проект городского бюджета и бюджета поселка Актас на 2023 – 2025 годы. Также обсуждался вопрос о переносе памятника А. С. Пушкина с территории общеобразовательной школы имени Абая. На заседание были приглашены администраторы бюджетных программ, аким поселка Актас Б. Аканов, которые подробно остановились на предлагаемом распределении финансовых средств по различным направлениям работы, при реализации государственных программ.



Заместитель руководителя ГУ «Отдел экономики и финансов г. Сарани» З. Рустамбаева и аким поселка Актас Б. Аканов проинформировали о предлагаемом проекте бюджета Сарани и Актаса на ближайшие три года. В частности, отмечались такие направления работы, как реализация программ занятости, реализация информационной

политики, развитие коммунального хозяйства, сохранение жилого фонда, демеркуризация, благоустройство и многое другое. Отмечалось, что запланирована большая работа по обеспечению качественных условий для проживания жителей нашего города и поселка Актас.

В свою очередь члены Общественного

совета задали ряд вопросов, касающихся ремонта дороги на улице Свердлова, ремонта фасадов домов по улице Ленина, освещения 5 квартала и т.д.

По второму вопросу была рассмотрена информация руководителя ГУ «Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта г. Сарани» Г. Тохметовой. Перенос памятника с территории школы

будет осуществляться в соответствии с порядком переноса и установки памятников, при проведении необходимых согласований с ономастической комиссией. Подчеркивалось, что решение данного вопроса требует определенного времени.

В заключение члены Общественного совета рекомендовали всю информацию принять к сведению.

## MEMLEKETTİK TİL САЯСАТЫ

MEMLEKETTİK TİL  
– ҚЫЗМЕТ TİLІ

**М. Әрнешов,**  
Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту,  
дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңының 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», - делінген. Сондықтан да әр мемлекеттік қызметші, мемлекеттік тілде іс жүргізуге міндетті.

Қазақ тілінің мемлекеттік тілі ретінде қызмет етуінің алғы шарттарының бірі – оның қоғамдық өмірдің әр саласында қызмет етуі және соған орай іс-қағаздарының қазақша жүргізілуі. Осыған байланысты қаламыздың мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, архив қызметкерлерімен бірігіп, жыл сайын дәстүрлі түрде «Аударма мәдениеті, ресми құжат сауаттылығы және мемлекеттік тілде іс жүргізу» атты семинарын өткізеді. Шараға мемлекеттік органдар, мекемелер мен ұйымдардың тіл мамандары, қазақ тілі оқытушылары, аудармашылары мен іс жүргізушілері қатысады. Семинар барысында мекемелерге іс номенклатурасын қалыптастыруда, бұйрықтарды ресімдеуде, аударма бойынша әдістемелік көмек көрсетіледі. Осындай семинарлар мекемелердегі құжаттарды қалпына келтіруде, мекемеаралық қарым-қатынаста, хат – хабар алмасуда, құжаттау мен құжаттаманы басқаруда, құжаттардың құндылығын сараптауда үнемі мемлекеттік тілді дұрыс қолдануға көп көмегін тигізеді.

Әр мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілде іс жүргізуге, мемлекеттік тілді үйренуге барлық жағдай жасалған. 2014 жылдан бастап Саран қаласының тілдерді оқыту орталығы жұмыс істейді. Үш айда

қарапайым деңгейді меңгерген қызметші әрі қарай жалғастырушы топта тіл үйрене алады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, ұлтымыздың салт дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптей отырып, қолайлы тілдік орта қалыптастыру мақсатында 2021 жылы 1 қарашада «Мәміле» тілдесу клубы ашылды. Клуб отырыстары әр сәрсенбі сайын мультимедиялық кабинетте өткізіледі.

Мемлекеттік тілді үйрену үшін, сауатты аударма жасап, іс жүргізу үшін арналған сайттар да жетерлік. Атап айтсақ, «TIL QURAL» - онлайн платформа арқылы мемлекеттік тілді А1, А2, В1, В2, С1 деңгейлерінде үйренуге болады. Мобильді қосымшасы да бар. «Termincom.kz» сайтында Республикалық терминологиялық комиссия тарапынан мақұлданған терминдер берілген. «Emle» - қазақ тілінде сауатты жазу, сөзді дұрыс айту, жұртшылықтың тіл мәдениетін көтеру мақсатында құрылған.

Тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық міндетін атқарғанда ғана ол нәтижелі болатыны анық.

Қаламызда мемлекеттік тілді үйрену үшін барлық жағдай жасалған. Мемлекеттік тілді үйрену үшін алдымен патриоттық сезім, одан кейін ниет керек!

ҮШTІЛDІЛІК –  
АДАМ ӨMІPІНДЕГІ  
ЕҢ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІК

**Г. Байтурсынова,**  
«Саран техникалық колледжі» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Біздің елімізде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Әр халықтың өз ана тілі бар. Адам дүниеге келгеннен бастап, өмір бойы тілмен бірге тіршілік етеді. Ана тілі адам баласының бойына ана сүтімен сіңеді.

Халықаралық байланыста әлемдік деңгейде қолданылатын алты тіл бар. Олар: ағылшын, француз, орыс, испан, қытай, араб тілдері. Жарқын болашаққа ұмтылған Қазақстан үшін бүгінгі жағдайда біздің көп тіл білуіміз қажет. Бірнеше тіл білгеннен ешкім ұтылмайды. Бірақ өзге тілді білсек те, өз ана тілімізді ұмытпауымыз керек. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» дегендей, өз тілімізді құрметтеп өсейік.

Үш тұғырлы тіл жайында әңгіме шыққаннан бері жұртшылық арасында әртүрлі пікірлер айтылып жүргені жасырын емес. Біреулері жаңалықты жақтайды, енді бір парасы оның ұтымдылығына күмән келтіреді. Қазақ немесе орыс тілінде сөйлейтіндердің арасына көзге көрінбейтін сызат түсіп қалатын кездері де болады. Ал енді, анығына келсек, үштілді білім беруді іске асыру халықтың барлық топтарын біріктіреді, қазақ тілінде сөйлейтін және орыс тілінде сөйлейтін қауымның ортақ ақпараттық өрісте топтасуына, бірін-бірі неғұрлым жақсырақ түсінуіне, жүрекпен ұғысуына мүмкіндік береді. Үштілді жүйе барлық қазақстандықтар үшін бірдей жағдай жасайды, барлық адамдарды ақпаратқа жету жолында тең мүмкіндікпен теңестіреді. Әлемнің озық дамыған елдерінің қатарына енуге ұмтылған Қазақстанның ғылым мен индустрияны дамыту орайында басқа елдерден қалып қоймауы өте маңызды.

Ал жастардың ағылшын тілін білуі IT-технология, машина жасау, биомедицина, кибернетика және адамзат ақыл-ойының басқа да аса маңызды салаларындағы

жаңа мағлұмат-деректерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Олай болса, соңғы инновациялар мен әзірленімдерден қалып қоймас үшін біз ағылшын тілін еркін білуге тиіспіз. Бұл, әсіресе, біздің инженерлік сала мен технологиямыз үшін ауадай қажет. Эстония мен Польша ағылшын тілін жоғары дәрежеде білетін елдер қатарына 20 жылда кіріп үлгерді. Әлбетте, біз олардан мысалдай да кем емеспіз. Біздің халқымыз басқа тілдерді жылдам үйренуге аса бейімді, сондықтан үштілділікті дұрыс енгізген жағдайда ана тілін сақтау орайында проблемалар туындамас керек.

Үштілділік қазақ тілінің даму көкжиектерін кеңейтеді. Осынау білім беру жүйесінің арқасында мемлекеттік тілде сөйлейтін қазақстандықтардың саны арта түспек. Баласын оқыту үшін әрбір қазақстандық отбасы репетиторлардың, тілдік курстардың, тіл дамыту мектептерінің қызметін пайдалануға шамасы келе бермейтіні де құпия емес.

Ата-аналар өз балаларының қабілетіне, болашағына сенсе, олардың өмірде табысты болуын қаласа, үштілділік тұғырына түсіністікпен қарау керек. Сіздің балаңыз Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар, барлық әлемде бәсекеге қабілетті боларын білсеңіз, жақсы жұмысқа орналасып, бақытты өмір кешетініне кәміл сенсеңіз, одан артық не керек. Олай болса, көптілділік, үш тұғырлы тіл ұлт келешегінің де, ұрпақ келешегінің де кілті екендігі әрқашан әрқайсымыздың қаперімізде болсын демекпіз.



## TİL – ЕҢ АСЫЛ ҚҰНДЫЛЫҚ

**Ж. ДЖУМАШЕВА,**  
Саран қаласы ПБ

Тәуелсіздік алғалы бері қоғамдық қызу талқылаудың тақырыбына арналған басты мәселенің бірі – тіл мәртебесі. Президент алғашқы жолдауында қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейту мәселесіне ерекше тоқталды. Ол, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді. Бірақ бұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек деді.

Тіл мәселесінің ар жағында ел мен жер болашағы тұрғанын жадымызда ұстаған абзал. Тілге қатысты талаптар жүзеге асырылуы керек, солардың ішінде ең бастысы, мемлекеттік ұйымдардың іс қағаздары тек қана қазақ тілінде жүргізілуі қажет.

Әр халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау және тілге немқұрайлы қарау қауіпті. Мұстафа Шоқайдың «Бала қай тілде білім алса, түбі сол ұлтқа қызмет етеді» деген нақыл сөзіне сүйенсек, бұл мәселе туралы терең ойлануымыз керек. Әр мемлекеттік мекеме қызметкерлерді

жұмысқа қабылдағанда мемлекеттік тілді жетік білу керектігін ескерсе, нұр үстіне нұр болар еді. Сонымен қатар, әр өткізілетін жиналыстар мен отырыстар тек қана қазақ тілінде жүргізіліп, хаттамалар мен қажетті құжаттар қазақша толтырылса, тілге деген көзқарас бірден өзгереді анық.

Мемлекеттік қызметте қызметкерлердің жұмыс барысында, қазақ тілін қалай қолданатыны мен тілді білу деңгейіне назар аудару қажет. Ол үшін азаматтардың ұлттық рухы мен отаншылдық сана – сезімін күшейтуге бағытталған шаралар, жиі ә



рі үздіксіз жүргізілсе, оң әсерін тигізер еді.

Қазақ елі сөз қадірін түсінетін, білетін халықтың ұрпағымыз. Тілімізге құрмет көрсету арқылы халқымызға жанашыр болып, адалдығымызды аңғартамыз деп ойлаймын.

Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оның құзіретін іс жүзінде нығайту бәрімізге артылған жауапкершілік

жүгі, барша қазақстандықтардың ортақ ісі. Отбасымыздан бастап, ел басындағы азаматтарға дейін, тілдік құндылығымызды арттыру керек екендігін естен шығармағанымыз жөн. Яғни, бұл үрдісті жеделдету үшін, қолымызда бар ресурстарды, мүмкіндіктерді пайдалана отырып, баршамыз бір кісідей атсалысуымыз қажет.

■ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА



## САРАНДА ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІ АРАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЖЕТІК МЕҢГЕРГЕН ОҚУШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ НЕГІЗГІ РӘМІЗДЕРІНІҢ БІРІ. КЕЗ КЕЛГЕН ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛДІҢ ӨЗІНІҢ РӘМІЗДЕРІ, ШЕКАРАСЫ БОЛАТЫНЫ СЕКІЛДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ ДЕ БОЛАДЫ. ДЕМЕК, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ДЕ — МЕМЛЕКЕТТІГІМІЗДІҢ НЕГІЗГІ АТРИБУТТАРЫНЫҢ БІРІ. БІЗДІҢ АТА ЗАҢЫМЫЗДА «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ — ҚАЗАҚ ТІЛІ» ДЕП ЖАЗЫЛҒАН. ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТА ЗАҢЫМЫЗДЫҢ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАУҒА ТИІС. ТІЛ ҰЛТ ПЕН ҰЛТТЫ ЖАҚЫНДАСТЫРАТЫН ЕҢ ҮЛКЕН ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ. АДАМ ТІЛ АРҚЫЛЫ БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСА АЛАДЫ.

Жуырда Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай Саран қаласының тілдерді дамыту орталығы және қалалық білім бөлімінің бірлесіп ұйымдастыруымен шаһардағы бастауыш сыныпта оқитын өзге ұлт оқушылары арасында «Мемлекеттік тіл - мерейім» атты қалалық конкурсы өтті.

саналарын қалыптастырып үлгердік десек, артық айтпаған боламыз.

Ендігі бұл функцияны өзге ұлт өкілдерінен болған бастауыш сынып оқушыларына арналған «Мемлекеттік тіл - мерейім» конкурсы атқаратын болады. Конкурстың негізгі мақсаттарының бірі - мемлекеттік тіл



Қалалық тілдерді дамыту орталығының директоры Береке Жарылғапованың айтуынша, аталмыш конкурс ұлты қазақ емес бастауыш сынып оқушылары арасында биыл алғаш рет өткізіліп отырған жайы бар.

«Осыған дейін бұндай конкурсты біз мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілері арасында өткізіп келген болатынбыз. Енді міне, сол конкурстың форматын өзгертіп, бастауыш сынып оқушылары арасында өткізіп отырмыз. Атап айтқанымыздай, бұл конкурс биыл бірінші рет ұйымдастырылып отыр. Ондағы мақсат – бастауыш сыныпта оқитын ұлты қазақ емес бүлдіршіндердің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау болды. Негізі алдын-ала жоспарлауымыз бойынша, қаладағы әр мектептен бір оқушыдан ғана қатысады деп ойлаған болатынбыз. Алайда соңғы кездері мемлекеттік тілге деген қызығушылық артқандықтан болар, осы конкурсқа қатысуға ниет білдірген оқушылардың саны өте көп болды. Әр мектептен кемінде екі-үш баладан қатысып отыр. Бұл әрине, өте қуантарлық жағдай», – дейді қалалық тіл орталығының басшысы Береке Жарылғапқызы.

Иә, осыған дейін бұл конкурс «Мемлекеттік тілмен - болашаққа» деген атаумен балабақша тәрбиеленушілері арасында ғана өткізіліп келген болатын. Аталмыш конкурс та қазақ тілінің мерейін биікке көтерген игі бастамалардың бірі хәм бірегейі-тін. Осы конкурс арқылы шаһардағы өскелең ұрпақтың патриоттық

мерейінің өсе түсуіне үлес қосумен қатар, жастардың шығармашылық қабілетін ашуға, әлеуметтік белсенділігін арттыруға және жарқын болашаққа деген нық сенімдерін қалыптастырып, тұлғалық болмысын көрсетуге бағытталған хәм Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында өткізілуде.

Бастауыш сыныпта оқитын 26 өзге ұлт оқушылары қатысқан конкурс негізінен Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттау тақырыбы аясында өтті.

Конкурс 4 кезеңнен тұрды. «Таныстыру» кезеңінде әр қатысушы 3 минут уақыт беріліп, осы уақыт аралығында олар өздерін қазақ тілінде



таныстырады. «Өнерлі өрен» атты екінші кезеңде қатысушылар тағы да регламент бойынша бекітілген 3 минут ішінде өз өнерлерін ортаға салды. «Менің Отаным» атты үшінші кезеңде әр қатысушы қатысушылар экранда көрсетілген ұяшықтар бойынша тақырып таңдап, таңдаған тақырыптары бойынша өз ойларын жеткізді. Берілген тақырыптар - Қазақстан, туған жер, Ахмет Байтұрсынұлов туралы болды. Ал соңғы «Жалғасын тап!» кезеңінде әр қатысушы Wordwall платформасы арқылы берілген сілтеме бойынша өтіп, мақалдардың жалғасын тауып, ретсіз орналасқан мақал-мәтелдерді сәйкестендірді. Бұл кезеңнің жеңімпазын платформа өзі анықтады.

Әрбір кезең 5 балдық жүйемен бағаланады. Ал бағалау кезінде қатысушылардың Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын насихаттаулары басты назарға алынды.

Байқау қорытындысы бойынша, бас жүлдені Ирада Масимова қанжығаласа, бірінші орынды – Маргарита Берг пен Данил Лбов, екінші орынды Андрей Бамиллер,

Крил Токенов, Иделия Гибаевалар, ал үшінші орынды – Кристина Булдакова, Шамиль Галимов, Александра Беспалова, София Романенколар өзара бөлісті. Сәйкесінше, жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталып, барлық қатысушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Дархан даласындай көңілі кең қазақ елі көптеген өзге ұлт өкілдерін бауырына басып келеді. Бір шаңырақ астында бірлік пен татулықты ту еткен ұлттар мен ұлыстардың ынтымағы өзге елдерге үлгі боларлық. Оның үстіне, соңғы жылдары өзге ұлт өкілдері арасында мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылық та артып келеді. Бұл өз кезегінде оларға тілді меңгеру арқылы халқымыздың ауыз әдебиеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпымен жақынырақ танысуға мүмкіндік беріп, олардың күнделікті өмірі мен қызметіне көп көмегін тигізері сөзсіз. Өзің өмір сүріп жатқан елге деген құрмет - сол елдің мемлекеттік тілін үйренуден басталатыны айқын.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғауына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлының қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз.

Ендеше алдағы уақытта да ана тілімізде еркін сөйлейтін өзге ұлт өкілдері көбейіп жатса, игі. Қазіргі жаһандану заманында әлемді ақпараттар ағыны жаулаған кезде көп тіл білудің өзектілігі де артып отыр. Сондықтан өз ана тілімізді ұмытпай, керісінше оның қолдану аясын кеңейту кейінгі ұрпаққа міндет!



## Мәдениет



# АҚ ШАҢЫРАҚҚА - 20 ЖЫЛ

Ақтас мәдени-сауық орталығының баспасөз орталығы

3 желтоқсан күні өте маңызды үлкен оқиға болды. «Ақ шаңырақ» этномәдени қоғамдық бірлестігі 20 жасқа толды

Бұл біздің ұжымның жиырма жыл ішінде жетістікке жеткен үлкен шығармашылық жолы. Концертті 5 канал арнасы келіп түсірді. Осы кеште Саран қаласы мен Ақтас кенті әкімдері, «Саран қаласы ішкі саясаты бөлімі» ММ, «Қазақ тілі» қоғамы қоғамдық бірлестігі, Қарағанды облысы Саран қалалық филиалының төрағасы және Ақтас мәдени-сауық орталығының әкімшілігі мен «Якташлар» татар башқұрт тобы мерейтоймен құттықтап, қатысушыларға грамота мен алғыс хаттар және бағалы сыйлықтар табыстады. Мереке жерлестеріміздің жүрегінде өшпес із қалдырған мерейтойлық концертпен жалғасты. Мұның бәрі осы ұжымның жетекшісі С. Сұпьянованың көп жылдық еңбегінің арқасында өткен концерт. Біз осы ұжымның мерейтойына ат салысқан жандарға алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз жана берсін.



## Спорт



# ВМЕСТЕ И В УЧЕБЕ, И В СПОРТЕ!



Надежда ЦХАЙ

Фото Камилы ОСПАНОВОЙ

Второго ноября в Саранском высшем гуманитарно-техническом колледже имени Абая Кунанбаева состоялась Первая областная спартакиада среди преподавателей колледжей Карагандинской области, посвященная 100-летней годовщине этого известного старейшего учебного заведения. Спартакиада проходила по трем видам спорта - волейбол, настольный теннис, дартс.



В соревнованиях приняли участие пятнадцать колледжей, которые показали свою отличную подготовку, мастерство и инициативность. А призовые места распределились следующим образом:

#### Настольный теннис

1 - Саранский высший гуманитарно-технический колледж имени Абая Кунанбаева;  
2 - Карагандинский железнодорожный колледж;  
3 - Карагандинский высший колледж «Bolashaq».

#### Дартс:

1 - Карагандинский индустриально-технологический колледж;  
2 - Карагандинский высший колледж «Bolashaq»;  
3 - Саранский высший гуманитарно-технический колледж имени Абая Кунанбаева.

#### Волейбол:

1 - Саранский высший гуманитарно-технический колледж имени Абая Кунанбаева;  
2 - Карагандинский транспортно-технологический колледж;  
3 - Темиртауский высший политехнический колледж.

По итогам спартакиады общекомандные места распределились следующим образом:

1 место заняла команда Саранского высшего гуманитарно-технического колледжа имени Абая Кунанбаева;

2 место - Карагандинский железно-дорожный колледж;  
3 место - Карагандинский высший колледж «Bolashaq».

В ходе торжественного закрытия для участников и гостей мероприятия прозвучала песня «Атамекен» в исполнении выпускника колледжа Исатай Заманай.

Победителям и призёрам были вручены грамоты и кубки.

Стоит подчеркнуть, что по волейболу игры прошли в трех спортивных залах - в Саранском высшем гуманитарно-техническом колледже имени Абая Кунанбаева, в школе - гимназии №17 и общеобразовательной школе №6. Администрация колледжа благодарит руководителя ГУ «Отдел образования г. Сарани» Бактыбаева Армана Болатовича за оказанную помощь в проведении соревнований по волейболу.



## ■ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

### ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ МЕКТЕБІ - ДАРЫНДЫ ЖАСТАР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ АРАСЫНДАҒЫ КӨПІР

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті

Қарағанды облысында 15 жыл бойы жас мемлекеттік қызметшілер мектебі өз есігін айқара ашуда. Бұл жоба жастар арасында мемлекеттік қызметті насихаттауға және мемлекеттік қызметке ең дарынды және перспективті мамандарды тартуға бағытталған.

Жобаны іске асыру бірнеше кезеңнен тұрады: жобаға құжаттарды қабылдау, іріктеу, оқыту және тағлымдамадан өту.

Мектеп маусымының салтанатты ашылуы 2022 жылғы 28 қазанда Департамент басшысының орынбасары Абылайхан Наурызбаевтың, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы филиалының директоры Серікжан Байбосыновтың, Жастар саясаты басқармасының, «Жұмысшы жастар одағы» ҚБ, университеттер мен мектеп тыңдаушыларының қатысуымен өтті.

Был жобаға 21 тыңдаушы қатысты. Олардың қатарында А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің және Қарағанды индустриалық университетінің студенттері бар.

Олар тестілеу, эссе жазу арқылы қиын конкурстық іріктеуден өтті және жақсы нәтиже көрсетті.

Бүгінгі таңда жас мемлекеттік қызметші мектебінің тағлымдамадан өтушілері «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жаңа моделі» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды

филиалында оқыды. Оқу аяқталғаннан кейін оларға сертификаттар берілді.

Қазіргі уақытта жобаға қатысушылар Қарағанды, Теміртау, Бұқар - Жырау және Осакаров аудандары әкімдерінің аппараттарында, мемлекеттік кірістер департаментінде, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Департаментінде, облыс прокуратурасында, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінде тағлымдамадан өтуде. Жоба аяқталғаннан кейін мектептің тағлымдама өтушілеріне дипломдар мен алғыс хаттар беріледі, олардың кейбіреулері ғана «Жас мемлекеттік қызметші мектебінің түлегі» атағына ие болады.

Жас мемлекеттік қызметші мектебі келешегі зор жастар мен мемлекеттік аппараттар арасында көпір болуға арналған. Бұл мектептің миссиясы мемлекеттік қызмет үшін жоғары білікті, құзыретті, перспективті, талантты кадрларды даярлауда, бұл кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады.

Айта кету керек, қазіргі уақытта 300-ден астам қатысушы тағлымдамадан сәтті өтті, олардың көпшілігі қазіргі уақытта мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарда жұмыс істейді.

### ШКОЛА МОЛОДОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО - МОСТ МЕЖДУ ПЕРСПЕКТИВНОЙ МОЛОДЕЖЬЮ И ГОСУДАРСТВЕННЫМ АППАРАТОМ

Департамент Агентства РК по делам государственной службы по Карагандинской области

В Карагандинской области уже на протяжении 15 лет открывает свои двери Школа молодых государственных служащих. Данный проект направлен на популяризацию государственной службы среди молодежи и привлечение на госслужбу наиболее талантливых и перспективных из них.

Реализация проекта включает несколько этапов: прием документов на участие в проекте, отбор, обучение и стажировку.

Торжественное открытие школы сезона 2022 года состоялось 28 октября и прошло с участием заместителя руководителя Департамента Абылайхана Наурызбаева, директора филиала Академии государственного управления при Президенте РК Серикжана Байбосынова, представителей Управления молодежной политики, ОО «Союз рабочей молодежи Карагандинской области», университетов и слушателей школы.

В этом году участниками проекта стал 21 слушатель. Среди них студенты Карагандинского технического университета имени А. Сагинова, Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Карагандинского индустриального университета и Карагандинского университета Казпотребсоюза.

Они прошли нелегкий конкурсный отбор через тестирование, написание эссе и показали лучшие результаты.

На сегодняшний день стажеры школы молодого государственного служащего обучились в Карагандинском филиале Академии государственного управления при Президенте РК, осуществляющих подготовку, переподготовку и повышение квалификации государственных служащих по программе «Новая модель государственной службы в Республике Казахстан». По окончании обучения им

были выданы сертификаты.

В настоящее время участники проекта проходят стажировку в аппаратах акима городов Карағанды, Теміртау, Бұхар-Жырауского и Осакаровского районов, Департаменте государственных доходов, Департаменте санитарно-эпидемиологического контроля, Департаменте комитета медицинского и фармацевтического контроля, Прокуратуре области, а также в Департаменте Агентства РК по делам государственной службы по Карагандинской области.

По завершении проекта стажерам школы будут выданы дипломы и благодарственные письма, и только некоторые из них удостоятся звания - «Выпускник Школы молодого государственного служащего».

Школа молодого государственного служащего призвана стать мостом между перспективной молодежью и государственным аппаратом. Миссия данной школы в подготовке высококвалифицированных, компетентных, перспективных, талантливых кадров для государственной службы, что является ключевым фактором в формировании профессионального государственного аппарата.

Стоит отметить, что к настоящему времени более 300 участников успешно прошли стажировку, многие из которых на данный момент работают в государственных органах и предприятиях.

**ANTIKOR**  
Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции  
(Антикоррупционная служба)

**ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ,  
ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ**

CALL-ЦЕНТР **1424** ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#НЕДАВАЙВЗЯТКИ #ПАРАБЕРМЕ

**АДАМ САТУДАН  
САҚТАНЫҒЫЗ**

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА  
ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА  
ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА  
ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ  
БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН  
ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

**ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ  
ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ**

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ  
КОНСУЛЬТАЦИЮ  
ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО  
ВЬЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА  
ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ  
КАЗАХСТАНА!

**11616** ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ

**11616** ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

**РЕКЛАМА  
ОБЪЯВЛЕНИЯ  
ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

На LED экране

**Наши контакты:**

**8 (72137) 3 22 89**

**8-778-207-10-06**

Instagram @sarangazeti

# ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ

## ТАРТАЛЕТКИ С КУРИЦЕЙ, МОРКОВЬЮ И СЫРОМ



Сытный и вкусный салат с мясом — отличная начинка для корзиночек из теста. Это блюдо стоит приготовить на праздничный стол.

### Ингредиенты:

Филе куриной грудки - 1 штука  
Морковь - 1 штука  
Сыр - 70–80 г  
Соль - по вкусу  
Перец чёрный молотый - по вкусу  
Майонез - по вкусу  
Тарталетки - 8 штук

### Приготовление

1. Филе и морковь отварите за 20–25 минут. Остудите.
2. Нарежьте курицу мелкими кусочками. Морковь и сыр натрите на крупной тёрке.
3. Сложите всё в миску, посолите, поперчите и заправьте майонезом.
4. Распределите салат по тарталеткам.

## БУТЕРБРОДЫ С КРАБОВЫМИ ПАЛОЧКАМИ И СЫРОМ



Попробуйте приготовить такие быстрые бутерброды с крабовыми палочками. Они подойдут и для быстрого перекуса, и для праздничного стола.

### Ингредиенты:

Ржаной хлеб - 6 ломтиков  
Чеснок - 1 зубчик  
Майонез - 2–3 ст. ложки  
Крабовые палочки - 150 г  
Твёрдый сыр - 120 г  
Укроп - по вкусу

### Приготовление

1. Хлеб поджарьте с двух сторон на сухой сковороде. Чеснок пропустите через пресс и смешайте с майонезом.
2. Крабовые палочки нарежьте кружочками. Сыр натрите на крупной тёрке и смешайте с крабовыми палочками.
3. Хлеб смажьте тонким слоем майонеза, сверху выложите крабовые палочки с сыром. Украсьте бутерброды веточками укропа.

## БУТЕРБРОДЫ С КРАБОВЫМИ ПАЛОЧКАМИ



Эти простые бутерброды с пикантной намазкой из крабовых палочек, ароматной зелени и сыра будут отлично смотреться на праздничном столе.

### Ингредиенты:

Яйца - 2 штуки  
Фета - 150 г  
Крабовые палочки - 150 г  
Чеснок - 1 зубчик  
Укроп - 3–4 веточки  
Майонез - 1–2 ст. ложки  
Багет - 10–15 ломтиков  
Маслины без косточек - 10–15 штук  
Петрушка - 3–4 веточки

### Приготовление

1. Яйца отварите вкрутую, остудите, очистите и натрите на мелкой тёрке. Фету тщательно разомните вилкой.
2. На мелкой тёрке натрите  $\frac{2}{3}$  крабовых палочек и чеснок. Мелко нарежьте укроп.
3. Смешайте яйца, фету, тёртые крабовые палочки, чеснок, укроп и майонез.
4. Багет обжарьте на сухой сковороде за 2–3 минуты до золотистого цвета.
5. Оставшиеся крабовые палочки нарежьте кружочками. Кусочки хлеба намажьте сырной массой.
6. Украсьте бутерброды крабовыми палочками, маслинами и листиками петрушки.

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Құрметті Жақаева Гүлсім!

Құтты болып мерей той 50 жасың,  
Шын бақыт бастауы боп күліп келсін.  
Ақылы толысатын осы кезің  
Жақсы-жаман арасын іріктейтін.  
Біз тілейміз әрбір күннің нұр таңын,  
Жүректерді әсем әннің шырқауын.  
Тауһар тойға жетіп бізді қуантын,  
Той қамымен жүгіртсе де ұрпағын.

Ізгі тілекпен: достары.

## УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Большое спасибо за ваши письма и комментарии, которые поступают в нашу редакционную почту. Радует, что вы реагируете на все изменения, которые происходят в различных сферах жизнедеятельности нашего города.

Надеемся на вашу активность и понимание, а мы в свою очередь стараемся оперативно реагировать на все вопросы, которые будут заданы не только в ваших письмах, но и в наших профилях в социальных сетях.

Напоминаем, что свои предложения и актуальные вопросы, касающиеся благоустройства и санитарной очистки нашего города, социальной и культурной сферы, образования и здравоохранения и т.д., вы можете направлять по адресу: 101200г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 или на электронную почту: [sarangazeti@mail.ru](mailto:sarangazeti@mail.ru).

Кроме того, приглашаем вас присоединиться к нам в социальных сетях. Читайте нас в аккаунтах Instagram и Facebook. Наш профиль: [@sarangazeti](https://www.instagram.com/sarangazeti), [@sarangazetikaz](https://www.facebook.com/sarangazetikaz).

Будьте в курсе всех новостей!



**БУДЬТЕ В КУРСЕ  
ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!**

# ПОДПИСКА

**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:**  
ГОДОВАЯ - 3600 ТГ.  
ПОЛУГODOВАЯ - 1800 ТГ.  
ТРИ МЕСЯЦА - 900 ТГ.

**АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:**  
ГОДОВАЯ - 2650 ТГ.  
ПОЛУГODOВАЯ - 1325 ТГ.  
ТРИ МЕСЯЦА - 662 ТГ.

**ЮРИДИЧЕСКАЯ:**  
ГОДОВАЯ - 5818,88 ТГ.  
ПОЛУГODOВАЯ - 2909,44 ТГ.



## БУДЬТЕ В КУРСЕ ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!

## РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

На LED экране

Наши контакты:

8 (72137) 3 22 89

8-778-207-10-06

Instagram [@sarangazeti](https://www.instagram.com/sarangazeti)



**Саран  
газеті**

И. о. директора  
ТОО «Саран  
тынысы»,  
главный редактор  
Б.Е. МАЙПАСОВА  
  
Отв. секретарь  
Ш.Ш. КОШЕГУЛОВ

Газета зарегистрирована  
в Министерстве  
информации и  
коммуникаций  
Республики Казахстан.  
Свидетельство 16307-Г  
от 18.01.2017 г.  
(номер и дата первичной  
постановки на учет  
№ 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник:  
ТОО «Саран  
тынысы»  
  
Учредитель:  
аппарат акима  
г. Сарани

Адрес  
редакции:  
101200  
г. Сарань,  
ул. Жамбыла, 69/1  
  
Тел., факс: 5-10-15  
[sarangazeti@mail.ru](mailto:sarangazeti@mail.ru)

Выходит  
два раза в  
неделю,  
форматом А-3  
Тираж 1206  
  
Распространяется  
по подписке и в розницу  
в г. Сарани и пос. Актас

Газета  
набрана  
и сверстана  
в редакции

Отпечатано в ТОО  
«Типография «Арко»  
100009  
г. Караганда,  
ул. Сатпаева, 15  
  
Печать офсетная.  
Заказ № 97

Опубликованные матери-  
алы не всегда отражают  
точку зрения редакции.  
Ответственность за  
достоверность сведений,  
содержащихся в публика-  
циях и рекламном тексте,  
несут авторы публикаций  
и рекламодатели.